



Павлодар облысы
қаржы басқармасының

2018 жылғы 18.06
№ 4 бұйрығымен бекітілген

Павлодар облысы әкімдігі
Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының
шаруашылық жүргізу құқығындағы «Екібастұз қалалық ауруханасы»
коммуналдық
мемлекеттік кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының «Екібастұз қалалық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі-Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдастыру-құқықтық формасында заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын «Павлодар облысы денсаулық сақтау жүйесінде заңды тұлғаларды құру туралы» Павлодар облысы денсаулық сақтау Департаментінің 1998 жылғы 28 сәуірдегі №88 бұйрығы және «Қаланың денсаулық сақтау жүйесінде заңды тұлғаларды құру туралы» Екібастұз қаласы әкімінің 1998 жылғы 25 мамырдағы №291 шешімімен құрылды, «Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Екібастұз қалалық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнын қайта құру туралы» Павлодар облысы әкімдігінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №6/1 қаулысына, «Павлодар облысының кейбір медициналық кәсіпорындарын қайта құру туралы» Павлодар облысы әкімдігінің 2018 жылғы 16 наурыздағы №97/2 қаулысына сәйкес қайта құрылды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы ретінде жергілікті орындаушы орган Павлодар облысы әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне байланысты субъект құқығы, мемлекеттік коммуналдық жеке меншік құқығын жергілікті орындаушы орган- Павлодар облысының әкімдігі іске асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды іске асыратын орган ретінде Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасы болып табылады (бұдан әрі-Басқару органы).

6. Кәсіпорынның мемлекеттік тілдегі толық атауы: Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық

жүргізу құқығындағы «Екібастұз қалалық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Кәсіпорынның орыс тіліндегі толық атауы: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Экибастузская городская больница» управления здравоохранения Павлодарской области, акимата Павлодарской области .

7. Кәсіпорынның орналасу мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 141200, Екібастұз қаласы, Торайғыров көшесі, 32-үй.

2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген күннен бастап құрылған болып саналады және заңды тұлғаның құқығын алады.

9. Кәсіпорынның өзінің дербес балансы, заңға сәйкес банктерде есепшоттары, бланкілері бар, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының бейнесі мен кәсіпорын атауы бар мөрі бар.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Заңымен қарастырылған жағдайлардан басқа заңды тұлға құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушы) атынан сөз сөйлей алмайды. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалған және Қазақстан Республикасының заңдылық актілерімен сәйкес мемлекеттік немесе басқа да міндетті тіркелуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер тіркелген күннен бастап егер Қазақстан Республикасының заңды актілерімен қарастырылмаған болса, іске асырылады деп саналады.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі мақсаттары мен мәні

12. Кәсіпорынның қызмет мәні болып белгіленген тәртіппен және бекітілген медициналық көмек түрлеріне берілген лицензияға сәйкес аймақ халқына білікті жедел медициналық көмек көрсету болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты:

1) жүктілік кезінде, босану, босанғаннан кейінгі кезеңде әйелдерге акушерлік-гинекологиялық көмек көрсету;

2) жаңа туған нәрестелерге және репродуктивті жүйесі ауруларымен ауыратын әйелдерге медициналық көмек көрсету;

3) тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде аймақ тұрғындарын қажетті көлемде консультативтік-диагностикалық, стационарлық және стационарды алмастырушы көмекпен қамтамасыз ету;

4) аймақтағы ересек адамдар мен балалардың денсаулығын сақтау бағдарламасын жүзеге асыру;

5) медициналық қызмет нарығы жолымен әлеуметтік міндеттерді шешу;

6) бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі шеңберінде медициналық көмек сапасы мен қолжетімділігін жоғарылату;

7) бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымдарымен енігізіліп жатқан тиімді технологияларға сәйкес заманауи медициналық жабдықтар және медициналық мақсаттағы бұйымдармен жабдықтау;

8) мемлекеттік тапсырыстарды, ақылы қызмет көрсету, заңды және жеке тұлғалармен шарт орындау есебінен Кәсіпорын қызметін қолдау және дамытуға қажетті кірісті алу;

9) денсаулықты сақтау және қалпына келтіру проблемаларын шешудің жеке жолы- ең аз кері әсері және асқынулары бар медициналық қызмет көрсетудің тиімділік кепілдігі, аурудың алдын алу негізінде халықтың денсаулығын жақсарту;

10) жоғары медициналық көмек алуда клиенттердің талаптары мен болжамдарын зерделеу арқылы оларды қанағаттандыру;

11) жаңа технологиялар, жабдықтар, заманауи басқарушылық шешімдер, басқару формалары мен әдістерін қолдану және қызметкерлердің біліктілік деңгейін жоғарылату арқылы Кәсіпорын қызметін жетілдіру;

12) ғылыми дәлелдеуші медицина негізінде жасалған халықаралық стандарт және диагностика мен емдеудің хаттамаларын енгізу, Кәсіпорын қызметіне медициналық көмек көрсетудің тиімді ұйымдастырушылық формаларын, науқастардың ауруларының алдын алу, диагностикалау және емдеудің жаңа әдістерін жасау мен енгізу;

13) ресурстық жинақтаушы саясат жүргізу-төсек орын қорын оңтайлы және тиімді қолдану, Кәсіпорынды ұстауға мемлекеттік тапсырыс бойынша бөлінген қаражатты бірлесіп сақтау, Кәсіпорынның бюджеттен тыс қорын толықтыру үшін аурухананың шаурашылық жүргізуіндегі ресурстарды қолдану, ақылы медициналық қызмет көлемін және тізімін кеңейту есебінен аурухананы ұстау үшін қосымша бюджеттен тыс қаражат алу.

14. Қойылған мақсаттарды іске асыру үшін кәсіпорын келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) медициналық қызмет:

-денсаулық сақтау саласында нормативтік құқықтық актілермен қарастырылған әр түрлі формаларда медициналық көмек ұсыну: білікті медициналық көмек, мамандандырылған медициналық көмек, жоғары мамандандырылған медициналық көмек;

-зертханалық диагностика;

-жедел медициналық көмек көрсету;

-тасымалдау кезіндегі медициналық көмек көрсету;

-санитариялық авиациямен қамтамасыз ету;

-қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы қызмет: аурудың алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру, медициналық тексерістер жүргізу, профилактикалық екпе жұмыстарын және басқа да қызмет түрлерін жүргізу;

-денсаулық сақтау саласындағы сараптама: уақытша еңбекке жарамсыздықты сараптау, медициналық қызмет көрсетудің ішкі сараптамасы;

-денсаулық сақтау саласындағы ғылыми қызмет;

-Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» Кодексімен тыйым салынбаған медициналық қызметтің басқа да түрлері;

2) есірткі заттар, психотропты заттар және прекурсорлардың айналымымен байланысты қызмет;

3) кәсіби курстар, лекциялар, семинарлар, тренингтер, конференцияларды ұйымдастыру және жүргізу формасындағы ақпараттық-консультативтік қызметтер және қызметтің түрлі бағыттары бойынша басқа іс-шаралар;

4) Кәсіпорын қызметінің мәні бойынша бірлескен шаруашылық қызмет (консорциум) туралы шарт негізінде басқа заңды тұлғалармен бірлесіп уақытша ерікті тең құқылы одақ ұйымдастыру;

5) денсаулық сақтау саласында ғылыми-білім беру іс-шаралар, көрме, семинар, конференция, кеңес, форум, симпозиум, тренингтер ұйымдастыру мен жүргізуге қатысу;

6) денсаулық сақтау саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру;

7) шарт негізінде кәсіпорындар мен ұйымдарға медициналық және көліктік қызмет көрсету.

15. Кәсіпорынның қызмет пен мақсатына жауап бермейтін келісімдерді жасауға және қызметті іске асыруға құқығы жоқ.

16. Кәсіпорынның қызмет мақсаттарына, Қазақстан Республикасының шектелген заңдарына немесе басқарушы құжаттарына, не басшының жарғылық құзіреттілігінің бұзушылығымен қарсы жасалған келісімі мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органның шағымымен, не болмаса прокурордың шағымымен жарамсыз деп саналуы мүмкін.

17. Басшының жарғыда көрсетілмеген қызметті іске асыруына бағытталған іс-әрекеті еңбек міндеттемесін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеп соғады.

4. Кәсіпорынды басқару

18. Жергілікті атқарушы орган:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;